Әділет

# Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 413 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 64

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері бойынша заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі N 154-1 Заңының күшіне енгізілуімен байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының мына нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар бекітілсін:

а) < * >

Ескерту: а) тармақшаның күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 қаулысымен.

б) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 28 наурыздағы N 80 Қаулысымен бекітілген банк үстінен бақылау жасау және жүзеге асыру құқығын иелену шарттары туралы ереже:

в) < * >

Ескерту: в) тармақшаның күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2009.08.05 N 177 қаулысымен.

г) < * >

Ескерту: г) тармақшаның күші жойылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 197 қаулысымен.

д) екінші деңгейдегі банктердің басшы қызметіне тағайындауға жататын кандидаттарға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасының 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 229 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілік комиссиясының өкілеттігіне келісім тәртібі туралы ереже, және оларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (А.К.Өртембаев) банктік қадағалау департаменті ( Н.К.Абдулина) осы Қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аталған

нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Н.К.Абдулина) осы Қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық ( Алматы аумақтық бас) басқармаларына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Г.Сәйденовке жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 413 Қаулысымен Бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мынадай нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

I. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 1996 жылы 29 ақпанда бекіткен N 50 Банктерді құруға, қайта құруға рұқсатты, банк операцияларын және басқа банк қызметін жүргізуге лицензияны тапсырудың, қайтарып алудың, олардың күшін жоюдың және тоқтатудың, банктің филиалдарын ашуға, қосуға және өкілдіктерін ашуға келісім берудің, оны қайтарып алудың ережелеріне:

1. 1-тармағындағы "банк операцияларын (банк қызметін)" деген сөздер "банк заңдарында көзделген өзге де операцияларды (бұдан әрі банктік операциялар)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2-тармағындағы "мемлекеттік тіркеуді," деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасында ашылатын" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 3-тармағындағы:

"екінші деңгейдегі банктер" деген сөздер алынып тасталсын;

"банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің арнайы есепке алуды (тіркеуді) жүргізеді" деген сөздермен толықтырылсын.

4. 5-тармағындағы "екінші деңгейдегі банктердің" деген сөздер "банктердің", "қорына" деген сөздер "капиталына" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 6-тармағындағы:

бірінші азат жолындағы "қорының" деген сөз "капиталының"; "негіздерінің" деген сөз "ерікті негіздерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 7-тармағындағы:

"клирингтік, есеп айырысатын ұйымдардың және" деген сөздер алынып тасталсын.

"банкілік емес қаржы мекемелерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"сондай-ақ" деген сөз "оның ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 10-тармақтың екінші азат жолы алынып тасталсын.

8. 11-тармағындағы:

бірінші азатжолындағы "шартта" деген сөз "шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады" ауыстырылсын.

екінші азатжолындағы "фирмалық" деген сөз алынып тасталсын.

9. 12-тармағындағы:

екінші азатжолындағы "фирмалық" деген сөз алынып тасталсын.

үшінші азатжолындағы "және меншіктік нысаны" деген сөздер алынып тасталсын.

төртінші азатжолындағы "және пайдаланудың принциптері" деген сөздер "түрлері мен тәртібі туралы мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 13-тармағындағы:

бірінші азатжолындағы "депозиттік және инвестициялық банктердің" деген сөздер " банктердің" деген сөзбен, "оларды" деген сөз "оны" деген сөзбен ауыстырылсын;

д) тармақшасындағы:

алтыншы азатжолындағы "табысты" деген сөз "таза табысты" деген сөздермен ауыстырылсын.

жетінші азатжолындағы "фирманың" деген сөз "ұйымның" деген сөзімен ауыстырылсын;

е) "фирма" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын;

тармақ мынадай мазмұндағы р) тармақшасымен толықтырылсын:

"р) операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер".

11. 15-тармағындағы:

"6" саны "3" санымен ауыстырылсын.

"9" саны "6" санымен ауыстырылсын.

Тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Банкті ашуға рұқсат беру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банктік қадағалау департаментінің (бұдан әрі Банктік қадағалау департаменті) ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қабылдайды".

Банкті ашуға берілген рұқсаттың Ұлттық Банк банктік операциялар жүргізуге банкке лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін заң күші болады.

Банктік операциялар жүргізуге лицензия алғанға дейінгі кезеңде банк ретінде

тіркелген заңды тұлға жарияланған жарғылық капиталға төлем жасау үшін уәкілетті банкте уақытша ағымдағы корреспонденттік шот ашуға құқылы. Банк ретінде тіркелген заңды тұлға ұйымдық-техникалық шараларды орындауды қамтамасыз етуге байланысты, оның ішінде үй-жайлар мен жабдықты әзірлеуге тиісті мамандығы бар қызметкерлерді жалдауға байланысты шығындарды жұмсауға құқылы".

12. 16-тармағындағы "банктердің (филиалдардың) басшылық қызметіне тағайындалуға тиісті үміткерлер жөнінде келісіп алу тәртібі туралы Ұлттық Банк Басқармасы 1994 жылғы желтоқсанның 28-дегі N 26 Ережеге сәйкес" деген сөздер " екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілік комиссиясының өкілеттіктерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. 17-тармағындағы "қорының" деген сөз "капиталының" деген сөзбен ауыстырылсын.

14. 20-тармағындағы "50-проценттен" деген сөздер "үштен бірінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 22-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа азатжолдармен толықтырылсын:

"- банктердің шет елдің қатысуымен тіркелген жиынтық жарғылық капиталы Ұлттық Банк рұқсат еткен жағдайларда болмаса, Қазақстан Республикасының барлық банктерінің жиынтық тіркелген жарғылық капиталының жиырма бес процентінен аспауы тиіс.

Банк шет елдің қатысуымен ішкі активтерге қаражатты Ұлттық Банк белгілеген сомада және тәртіппен орналастыруға міндетті".

16. 23-тармағының үшінші азат жолындағы "қорына" деген сөз "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын.

17. 24-тармағындағы "банктің" деген сөзден кейін "оның ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

18. 26-тармағы мынадай мазмұндағы екінші азатжолымен толықтырылсын:

"Банктерді мәжбүрлеп қайта құру қолданылып жүрген заңға сәйкес соттың шешімімен Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Жарлығында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі".

19. 27-тармағындағы "қайта ұйымдастыру" деген сөздер "Ерікті қайта ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. 28, 29, 30-тармағындағы "қайта ұйымдастыру" деген сөздер "Ерікті қайта ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. 31, 34-тармағындағы "қайта ұйымдастыру" деген сөздер "Ерікті қайта ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. 33-тармағындағы ("қайта тіркеу") деген сөздер "немесе қайта тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. 35-тармағындағы екінші азатжолындағы "жарғылық қоры" деген сөздер алынып тасталсын.

24. 37-тармағындағы:

"нормативтерді" деген сөзден кейін "және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді" деген сөздермен толықтырылсын;

"қорын іс жүзінде ұлттық валюта-теңгемен құны 1,5 млн. АҚШ доллары сомасында " деген сөздер "капиталын" деген сөзбен ауыстырылсын.

25. 41-тармағындағы:

а)-тармақшасы "Жарлығының" деген сөзден кейін "19-бабының 3-тармағында және" деген сөздермен толықтырылсын;

г) "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

26. 47-тармағының е)-тармақшасы "фирма" деген сөзден кейін "ұйым (аудитор)" деген сөздермен толықтырылсын.

27. VIII бөлімнің атауы және VIII бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"VIII. Банктің филиалдары мен өкілдіктерін жабу тәртібі, Ұлттық Банкте банктің есеп айырысу-касса бөлімдерін арнайы тіркеу.

49. Банктердің филиалдары мен өкілдіктері қолданылып жүрген заңда белгіленген тәртіппен жабылады.

Банктің филиалын жапқан кезде есептік тіркеуге енгізілетін өзгерістер Ұлттық Банкпен алдын-ала келісілгеннен кейін әділет органдарына беріледі.

50. Банктер Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Ұлттық Банктің келісімімен өзінің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін ашуға құқылы. Банктің есеп айырысу-кассалық бөлімі банктің құрылымдық бөлімшесі, ол банк тұрған жерден басқа жерде болады, заңды тұлға болып табылмайды, банк филиалының мәртебесі жоқ және банктің атынан банк операцияларының жекелеген түрлерін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банк берген сенім хат негізінде жүзеге асырады.

51. Ұлттық Банк банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін арнайы тіркеуден өткізеді. Банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдері әділет органдарында есептік тіркеуден өткізілмейді.

Банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімдерін арнайы тіркеу құжаттары Ұлттық Банкке Банктік қадағалау департаментіне беріледі.

52. Банк өзінің филиалдарының, өкілдіктерінің және есеп айырысу-кассалық бөлімдерінің міндеттемелері бойынша жауап береді".

28. 53-тармағындағы:

в)-тармақшасындағы "қордың" деген сөз "капиталының" деген сөзбен ауыстырылсын.

е)-тармақшасындағы "нормативтік актілер" деген сөздер "Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

29. 54-тармағының үшінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:
"- банктік басшы қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 20-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе".

30. 57-тармағы "нормативті" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

31. 59-тармағының бірінші азатжолындағы "қорды" деген сөз "капиталды" деген сөзбен ауыстырылсын.

32. 60-тармағының екінші азатжолындағы "банк емес қаржылық мекемелерінің" деген сөздер "банктік операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. 66-тармағындағы "осы банктің қаражатының есебінен Ұлттық Банк екі республикалық газетте жариялайды" деген сөздер "Ұлттық Банктің ресми басылымдарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. 67-тармағындағы:
екінші азатжолы "нормативті" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.
үшінші азатжолындағы "қорын" деген сөз "капиталын" деген сөзбен ауыстырылсын.

35. 70-тармағының а)-тармақшасы "пруденциалдық нормативтерді" деген сөздерден кейін "және өзге де сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді" деген сөздермен толықтырылсын.

36. 72-тармағының а)-тармақшасындағы "қордың" деген сөз "капиталдың" деген сөзбен ауыстырылсын.

37. 76-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"76. Ұлттық Банктің берілген лицензияларды тоқтатуының немесе күшін жоюының шарттары мен негіздері, оның банкті еріксіз тарату (қайта құру) туралы материалдарды сотқа жолдау тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 48, 48-1 және 68-баптарында көзделген".

38. 82, 83, 84, 85, 86-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
"82. Ұлттық Банк банкті ашуға берілген рұқсатты мынадай жағдайларда қайтарып алуға құқылы:
а) банк өз қызметін қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылдаса;
б) банктің қызметін тоқтату туралы сот шешім қабылдаса;
в) банк ретінде тіркелген заңды тұлғаның қызметінде Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 49-бабының 2-тармағында көзделген тәртіп бұзушылықтар

белгіленсе".

Заңды тұлғаға берілген банкті ашуға рұқсат туралы пікірді Ұлттық Банк мынадай негіздемелердің кез-келгені бойынша қайтарып алады:

а) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде рұқсат беруге негіз болған мәліметтердің дұрыс еместігі байқалса;

б) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде банк операцияларын жүргізуге берілген лицензия толық алынбаса;

в) заңды тұлғаны банк ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде жарияланған жарғылық капитал өтелмесе;

г) банк ретінде тіркелген заңды тұлға үшін банк заңдарында көзделген қызметтің шарттары бұзылса.

83. Банкті ашуға берілген рұқсатты Ұлттық Банктің Басқармасы қабылдайды.

Ұлттық Банк Басқармасының банкті ашуға берілген рұқсатты қайтарып алу туралы Қаулысы заңды тұлғаның қызметін қайта тіркеуге немесе тоқтатуға негіз болып табылады.

84. Ұлттық Банктің банктің лицензияларының күшін жою шешімі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші бар Жарлығының 48-1-бабында көзделген тәртіппен банктер Банктік қадағалау департаментінің ұсынуы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының Қаулысы түрінде қабылданады.

Банк лицензияларының күшін жою туралы Ұлттық Банк қабылдаған шешім туралы ақпаратты Ұлттық Банк екі республикалық газетте жариялайды.

85. Банк заңдарында көзделген банк және өзге операцияларды жүргізуге берілген барлық лицензиялардың күшін жою туралы Ұлттық Банк Басқармасының Қаулысында банктің уақытша әкімшілігін (уақытша әкімді) тағайындау туралы шешім болуға тиісті.

Уақытша әкімшілікті (уақытша әкімді) тағайындау тәртібі мен өкілеттігі Ұлттық Банктің жекелеген нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

86. Ұлттық Банк банктік операцияларды жүргізуге берілген барлық лицензиялардың күші жойылғаннан кейін 10 күн ішінде сотқа заңда белгіленген тәртіппен банктің қызметін еріксіз тоқтату (жою) туралы арыз береді".

39. XV бөлімінің атауындағы "Қайта ұйымдастыруға" деген сөздер "Ерікті қайта ұйымдастыруға" деген сөздермен ауыстырылсын.

40. N 2-қосымшаның 6 және 12-тармақтарындағы "қорына" деген сөз "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын.

41. N 4-қосымшаның 11-тармағының төртінші азатжолындағы "қорында" деген сөз "капиталында" деген сөзбен ауыстырылсын.

42. N 5-қосымшада:

8-тармағындағы "асырауындағы" деген сөздер алынып тасталсын;

9-тармағындағы "пайдалану (өзгерту) себебі" деген сөздер "өзгеру себебі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармағының 5-тармақшасындағы "мекемесінің" деген сөз "ұйымының" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Кандидатқа қосымша мәліметтер" деп аталатын 2-тармағының төртінші азатжолындағы "қорының" деген сөз "капиталының" деген сөзбен ауыстырылсын.

43. N 6-қосымшада:

5-тармағының:

а)-тармақшасында "процентке" деген сөз "сыйақыға (мүддеге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

в)-тармақшасында "процентке" деген сөз "сыйақыға (мүддеге)" деген сөздермен ауыстырылсын;

д)-тармақшасындағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

6-қосымшаның N 1 нысанындағы:

"Жарғылық қор" деген сөздер "Жарғылық капитал" деген сөздермен, мәтін бойынша "пайда" деген сөз "табыс" деген сөзбен ауыстырылсын;

"есеп айырысу (ағымдағы)" деген сөздер "Ағымдағы (есеп айырысу) деген сөздермен ауыстырылсын.

6-қосымшаның N 2 нысанындағы:

1-тармағындағы:

"%" белгісі "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын.

"алынған %" деген сөздер "алынған сыйақы (мүдде) деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа алынған проценттер (қандай екенін көрсету керек) деген сөздер "басқа алынған сыйақы (мүдде) (қандай екенін көрсету керек) деген сөздермен ауыстырылсын ;

2-тармағындағы "төленген %" деген сөздер "төленген сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"басқа өтелген проценттер (қандай екенін көрсету керек)" деген сөздер "басқа сыйақы (мүдде) (қандай екенін көрсету керек) деген сөздермен ауыстырылсын;

"Пайда" деген сөз "Табыс" деген сөзбен, "Таза пайда" деген сөздер "Таза табыс" деген сөздермен ауыстырылсын.

44. N 7-қосымшада:

4.2.-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инкассация қызметі" деген сөздер "және барлық меншік нысанындағы банк мекемелері мен кәсіпорындарының қосымша ақылы қызмет көрсету тәртібі (Ұлттық Банк Директоратының 03.09.1993 ж.) мәжілісінің N 1 хаттамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7. 6-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің облыстық ГИЭ" деген сөздер "уәкілетті органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7. 7-тармағындағы:

"және құндылықтарды тасымалдау" деген сөздер "сауда және басқа кәсіпорындары мен барлық меншік нысанындағы банк мекемелері мен кәсіпорындарының қосымша ақылы қызмет көрсету тәртібі (Ұлттық Банк Директоратының 03.09. 1993 ж.) мәжілісінің N 1 хаттамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

9. 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының банкісі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік банкі (Ұлттық мемлекеттік банк басқармасының 02.12.1992ж. N 43 хаттамасы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10. 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасының банкісі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының мемлекеттік банкі (Ұлттық мемлекеттік банк басқармасының 02.12.92 ж. N 43 хаттамасы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10. 5-тармағы "(Ұлттық Банк Директоратының 03.09.1993 жылғы мәжілісінің N 1 хаттамасы)" деген сөздермен толықтырылсын;

10. 6-тармағындағы "Қазақстан Республикасы банкісі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының банкісі (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 05.07.1993 ж. мәжілісінің N 43 хаттамасы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

45. N 8 және 9-қосымшаларда көрсетілген құжаттардың атауларындағы "банктік" сөзінен кейін "(және өзге)" деген сөздермен ауыстырылсын.

II. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 28 наурыздағы N 80 Қаулысымен бекітілген Банкке бақылау жасау құқығын және оны жүзеге асыру туралы Ережеге:

1. 7-тармағындағы:

а)- тармақшасындағы "акцияларын" деген сөз "мемлекеттік акцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын.

б)-тармақшасындағы "банк акционерлерінің жалпы жиналысына бір рет қатысуы ( жылына бір реттен артық емес) немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

тармақ мынадай мазмұндағы жаңа бесінші азатжолмен толықтырылсын:

"Банктің акцияларын ашық әдіспен орналастыру кезінде банктің үстінен бақылау жасау құқына ие болған оның акционері Ұлттық Банкке акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен бірге қажетті құжаттарды беруге міндетті".

2. 8-тармағындағы:

бірінші азатжолы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын: " Өтініште банкке бақылау жасау құқығын алуға тиісті барлық кандидаттардың жүрген ( тұрған) жерлері туралы ақпарат болуға және олардың әрқайсысы қол қоюға тиісті ( заңды тұлғалар үшін - басшы қол қойып, ұйымның мөрімен расталады)";

б)- тармақшасының екінші азатжолы "сотталмағандығы" сөзінен кейін "(Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен (1996 жылғы 29 ақпандағы N 50 қаулы) Банктерді құруға,

қайта құруға рұқсатты, банк операцияларын және басқа банк қызметін жүргізуге лицензияны тапсырудың қайтарып алудың, олардың күшін жоюдың және тоқтатудың, банктің филиалдарын ашуға, қосуға және өкілдіктерін ашуға келісім берудің, оны қайтарып алудың ережелеріне N 5-қосымшаның нысаны бойынша, ұсыныс берушілер туралы деректерден басқасы)" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 10-тармағындағы:

б)-тармақшасындағы "қорына" деген сөз "капиталына" деген сөзбен ауыстырылсын;

б)-тармақшасының "фирма" деген сөз "ұйым" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 14-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа азатжолмен толықтырылсын:

"бақылауға ие болуға берілген рұқсатта мынадай мәліметтер міндетті түрде болуға тиісті:

- банкке бақылау жасау деген рұқсатты Ұлттық Банктің берген күні;

- бақылау жасалатын банктің тұрған жері мен атауы;

- банкке бақылау жасау құнын алған адамның аты-жөні, азаматтығы, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

- банкке бақылау жасау құқын алған заңды тұлғаның толық атауы, мемлекеттік тіркеудің (қайта тіркеудің деректері, тұрған жері).

Егер банктің акцияларын жанама түрде иеленетін, жұмсайтын және/немесе басқаратындар екі және одан көп адам болған жағдайда осы аталған тұлғаларға бақылау жасауға берілген рұқсатта, сондай-ақ банкке бақылау жасау құқын алғандардың әрқайсысы туралы, олардың банктің жарғылық капиталындағы жеке және жалпы үлесін қоса алғандағы мәліметтер болуға тиісті".

5. 16-тармақтың б)-тармақшасындағы "басшысы немесе ірі қатысушысы болып саналса" деген сөздер "басшы қызметкердің лауазымында отырған адам" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 17-тармағындағы:

бірінші азатжолындағы "мынадай факторлардың ең болмағанда бірі болса, соның негізінде" деген сөздер "мынадай негіздердің бірі болса" деген сөздермен ауыстырылсын;

7. 19-тармағындағы:

"өз қаражатының (капиталының)" деген сөздер "өз капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

8. 22-тармағындағы "банктің" деген сөзінен кейін "өз" деген сөзбен толықтырылсын.

10. Ереже мынадай мазмұндағы 7-бөліммен толықтырылсын:

"7. Қорытынды ережелер

29. Банкке бақылау жасау құқы бар акционерлерден өз акцияларын сатып алуға банктің құқы жоқ.

30. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге тиіс.

III. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 29 ақпандағы N 48 Қаулысы бекіткен Қазақстан Республикасындағы банктердің жұмысын доғару туралы Ережеге:

1. 3-тармақтағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

2. 6-тармақтың:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) меншікті капиталдың жеткілікті коэффициентін жүйелі түрде (үш ай бойы) орындамау;";

б) тармақшасындағы "48 және 49 баптарында" деген сөздер "48 бапта" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 7-тармақтағы "қордың" деген сөз "капиталдың" деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 9-тармақтың:

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және халықтың тартылған депозиттерінің сомасы - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және барлық банктердің клиенттерінің тартылған депозиттерінің кем дегенде 1% сомасы";

б) тармақшасындағы "банктік емес мекемелер" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын, "екінші деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталынсын;

в) тармақшасындағы "екінші деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталсын;

5. 11-тармақтың а) тармақшасындағы "мекен жайы" деген сөз "тұрған орны" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 15-тармақтың а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

а) "банктік шоттарындағы қалдықтарды (соның ішінде банктің кассаларындағы ақшаларды);"

7. 16-тармақтың г) тармақшасындағы "жарна" деген сөз "жарғылық" деген сөзбен толықтырылсын.

8. 21-тармақтағы "шоттар бойынша есеп айырысу-ақша операцияларын" деген сөздер "банк шоттары бойынша операциялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 28-тармақтағы "Қазақстан Республикасының банктеріндегі бухгалтерлік есеп пен есеп жүргізудің өзгертулері мен толықтырулары" деген сөздер "Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 30-тармақтың азатжолындағы "мекен-жайы" деген сөздер "тұрған орны" деген

сөздермен ауыстырылсын.

11. 34-тармақтағы "заң белгілеген тәртіппен банктің күштеп таратылуын жүзеге асыруға" деген сөздер "банкке банк заңдарында көзделген санкциялар қолданылсын" деген сөздермен ауыстырылсын.

IV. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 217 Қаулысымен бекітілген Банктерге аффинирленген қымбат бағалы металдармен операция жүргізуге лицензия беру тәртібі туралы Ережеге:

1. 1, 3 тармақтардағы және 5-тармақтың бірінші азатжолындағы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

2. 6-тармақтың а), б), в), г) тармақшаларындағы "сондай-ақ аффинирленген қымбат бағалы металдарды сақтау" деген сөздер алынып тасталсын.

3. 8-тармақтағы:

- "қоры" сөзі "капитал" сөзімен ауыстырылсын;

- осы тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші азат жолдармен толықтырылсын:

"- Банктің техникалық және біліктілік талаптарын орындауына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі банкке аффинирленген қымбат бағалы металдарға байланысты операциялардың барлық немесе бірнеше түрін жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдайды.

Лицензия берілгені үшін алым төленеді, оны төлеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының заңдары белгілейді".

4. 10-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азат жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жанындағы Мемлекеттік күзет қызметі департаментінің (МКҚД) және Мемлекеттік өрт қызметі Бас басқармасының ( МӨҚББ) бөлімшелері тиісті дәрежедегі түгел тексеруден кейін қол қойған "Банктің құндылықтар қоймасының күзет, өрт және қауіп-қатер дабылын пайдалануға қабылдау актісі" қойманың техникалық беріктігін растайтын құжат болып табылады."

5. 13-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Қолда бар коммуникация құралдарын белгіленген талаптарға сәйкес келуін анықтау үшін банк ақпарат қорғаудың бағдарламалық қамтамасыз етілуін, ұйымдық және техникалық шараларының, сондай-ақ аффинирленген қымбат бағалы металдармен жүргізілген операцияларды есепке алу және оларды бақылау үшін пайдаланылатын коммуникация құралдарының қысқаша сипаттамасын тапсыруға міндетті".

6. 14-тармақтың екінші азатжолы "нормативтік" деген сөзден кейін "құқықтық" деген сөзбен толықтырылсын.

V. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 229 Қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің басшылық лауазымына тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілікті айқындау комиссиясының өкілеттігі туралы Ережеге:

1. 3-тармақтағы "және олардың орынбасарлары" деген сөздер алынып тасталсын;

2. 4-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктің басшы қызметкері қызметіне келісу үшін кандидатурасы ұсынылған адам іс жүзінде қызметтік міндеттерін орындап жүргеніне қарамастан, Ұлттық Банк оның тағайындалуына (сайлануына) келісім беруден бас тартқан жағдайда, сөз болып отырған қызметкер отырған қызметінен Ұлттық Банктен банк шешім алған күннен бастап 30 күн мерзім ішінде босатылуға тиіс. Қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес банк қызметкерінің кандидатурасына келісу кезеңінде жұмысқа жаңадан қабылданып жатқан адамдар міндеттерін мерзімді еңбек шарты бойынша атқарады".

3. 5-тармақтың 4 және 5 азатжолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"- Ереженің 4 және 5 қосымшаларында көзделген үлгілер бойынша басшы қызметкерлерге немесе басшы қызметкерлердің лауазымына үміткерлерге арналған мәліметтер;

- өкілетті орган (адам) немесе банктің мөрі куәландырған білім туралы дипломның және еңбек кітапшасының көшірмесі.";

Осы тармақ мына мазмұндағы жаңа азатжолдармен толықтырылсын:

"Кепілдемелерді оларды тағайындауға (сайлауға) Ұлттық Банктің келісімін алған банктердің басшы қызметкерлері немесе Ұлттық Банктің филиалдарының немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары болып табылатын кем дегенде екі адам тапсырады.

Кепілдеме беруші кандидатура жөнінде келісуге өтініш беруші банк қызметкері бола алмайды. Бір мекеменің қызметкерлеріне бірнеше (екі және одан да көп) кепілдеме тапсыруға тиым салынады.

Банк Төрағасының және Бақылау Кеңесі мүшелерінің кандидатуралары жөнінде келіскенде, кепілдемелер талап етілмейді.".

*Қазақстан Республикасы*

*Ұлттық Банкінің Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК